

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасы
"Биікжал кен орнын игеру жобасына" ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы
бойынша қоғамдық тыңдалым.

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілікаумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: **«Атырау облысы Жылыой ауданы, Аққизтоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.**

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: "Биікжал кен орнын игеру жобасына" ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы. Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі **«Атырау облысы Жылыой ауданы, Аққизтоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ. «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.**

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: Биікжал кен орны Каспий маңы ойпатының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан, әкімшілік жағынан Қазақстан Республикасы Атырау облысы Жылыой ауданының құрамына кіреді.

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Атырау облысының Жылыой ауданы (келісімшарттық аумақ осы ауданның жерінде әкімшілік орналасқан).

6. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері: «KhamAd Partners» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі; Заңды мекенжайы: 060000, ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы., Атырау қаласы, Бақтыгерей Құлманов көшесі, № 111 құрылыс, БСН 170140003853, тел.: 87026214666, e-mail: Kunarbayev.khamit@gmail.com, Жетекшісі: Кунарбаев Х.Б.

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері. «Каспиан Энерджи Ресерч» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі. Заңды мекенжайы: ҚР, Атырау қ., Хакимов к-сі, 4. Телефон: 8 (7122) 32 09 60; 87019575175, e-mail: Atyrau@cer.kz, БСН 020840001081, байланыс тұлғасы: Бас директор Джамикешов А. М.

8. Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты, орны (қоғамдық тыңдаулардың ашық отырысының күні (күндері) мен уақыты):

Күні: 15.01.2025ж., 15:00

Тіркеу уақыты: 15.01.2025ж. 14:30 мин.

Қоғамдық тыңдаулардың басталу уақыты: 15.01.2025ж. 15:00 мин.

Қоғамдық тыңдаудың аяқталу уақыты: 15.01.2025ж. 16:20 мин.

Өткізу орны: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Аққизтоғай а. о., Аққизтоғай а., Меңдекеш Сатыбалдиев көшесі 1 үй, әкімдік ғимараты.

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ашық жиналыс және бейнеконференц байланыс арқылы) өткізіледі.

Бейнеконференц байланыс форматында қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін ZOOM платформасы арқылы келесі сілтемеге өту қажет:

<https://us04web.zoom.us/j/4956166428?pwd=PCcCrwZADCkXOPioI4rW7ao0BCARZa.1>

Жеке конференция нөмірі: 495 616 6428

Кіру коды: 1234567

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Шығыс нөмірі: 24190523001, Күні: 29/11/2024ж. **Қосымша-1.**

Шығыс нөмірі: 24190523001, Күні: 06/12/2024ж. **Қосымша-2.**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы **Хаттаманың №3** қосымшасында ұсынылған.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Бірыңғай экологиялық порталда:

<https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/Edit/22987>

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>. «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы.» ММ. Жарияланған күні: 06/12/2024ж.

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

«Прикаспийская Коммуна» газеті 12.12.2024ж. №50 (20800) басылым.

«Атырау» Облыстық қоғамдық-саяси газетінде 12.12.2024 ж. №50 (20 863) басылым.

«Кең Жылыой» газеті 09.01.2025ж, №1 (8153) басылым. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына **4-қосымшада** қоса берілген.

12.12.2024ж. «АТЫРАУ» телеарнасы эфиріне шыққан, (Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына телеарнада қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы эфирлік анықтама қоса берілген). Эфирлік анықтама №202, 11.12.2024ж **4-қосымшада** қоса берілген.

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, **Атырау облысы, Жылыой ауданы, Ақкизтоғай а. о., Ақкизтоғай а., Меңдекеш Сатыбалдиев көшесі 1 үй, әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша екі тілде бір дана** хабарландыру. Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **Қосымша 5.**

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Хатшы болып бірауыздан «Каспиан Энерджи Ресерч» ЖШС-нің өкілі Сейтiва Б. сайланды.

Дауыс бергендер «қарсы емес» – 35 адам, «қарсы» – 0, «қалыс қалды» – 0 адам.

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың "қарсы емес", "қарсымын", "қалыс қаламын" деп дауыс бергендер санын көрсету)

Дауыс бергендер «қарсы емес» – 35 адам, «қарсы» – 0, «қалыс қалды» – 0 адам.

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың "қарсы емес", "қарсымын", "қалыс қаламын" деп дауыс бергендер санын көрсету)

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Баяндамашы: " Каспиан Энерджи Ресерч " ЖШС-нің өкілі – Кисманова А.

Баяндаманың тақырыбы: "Биікжал кен орнын игеру жобасына" ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны) 24 бетті презентация. **Қосымша 6.**

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі..

т/а №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертпе (алынып тасталған ескерту немесе ұсыныс)
1	Құлсары қаласының тұрғыны – Гульмира Идрисқызы: - Қайырлы күн. Құлсары қаласының тұрғыны – Гульмира Идрисқызы. Алайда, осы ауылдың тумасымын. Ауылым үшін жаным ашып, осында келіп отырмын. Сіздерге бір ескертіп кететін жағдай, 2024 жылдың қараша айында, бұл мекеме ең жақын аймақ деп - Майкөмген ауылын белгілеп, қоғамдық тыңдауды сол аймақта өткізу жоспарларында болған. Оның барлығын естіген боларсыздар. Бұл мекемеге қатысы бар мекемелерді өзім қарап жүретінмін. Биікжал кен орны негізінен Ақкизтоғай мекеніне жақын екенін білеміз. Арақашықтық есептелді, оны біз дәлелдеген болатынбыз. Сол себепті ауыл тұрғындары атынан арыз жазылды. Экологиялық Департаментке жолдадық. Экологиялық кодекске байланысты, ережелерге сәйкес, кен орны орналасқан ең жақын аймаққа қоғамдық тыңдау өткізуге тиісті. Сол ережені ұстанып, қазіргі таңда, Ақкизтоғай ауылына өтіп жатыр. Біздің ауылға ең жақын кен орны болып саналды. Енді, ең бірінші мені ойландырған сұрақ: Мен Құлсары қаласында СМП-224 шағын ауданында тұрамын. Бізде СМП-615 деген жерде Мұнай өнімдерін өңдеумен және тасымалдаумен айналысатын "Базис-Ойл" ЖШС мекемесі бар. Олар 2 жыл бойы жұмыс атқарып келеді. Мұнай өнімдерін өңдеумен және экспортқа тасымалдаумен айналысады. Осы мекеменің тыңдалымын өткізуге біздер қарсы болдық. Себебі: Санитарлы-қорғау аймағы, жергілікті ауыл мекенінен 70 метр қашықтық жерде орналасқан. Санитарлы қорғау аймағы 500 метр болса, ол жергілікті тұрғын үйлерге жақын орналасқан. Сол себепті, ауыл тұрғындары шағымданып, ол мекеменің әрі қарай жұмыс жасауын тоқтатуын талап еткен болатынбыз. Бұл мекемеге мұнайды тасымалдайтын «KhamAd Partners» ЖШС мекемесі тасымалдайтынын айтты. Қоғамдық тыңдауды өткізуге біздер қарсылығымызды білдірдік "Базис-Ойл"	«KhamAd Partners» ЖШС-нің өкілі - Абенов Р.М: - Иә, бұл орынды сұрақ. 2021 жылы алынған рұқсаттама жобасы бойынша, қазіргі таңда болып жатқан қоғамдық тыңдау өткізу талаптары болған жоқ. Жобаларды өткізгеннен кейін, 2022 жылдың қазан айынан бастап мұнай өндірілді. Себебі, 1,5 жыл уақыт жобаның жұмыстарымен жүрдік. 2022 жылдың қазан айынан бастап өңдегеннен кейін, мұнайды дайындайтын жеріміз болған жоқ. Өндірген мұнайды аз мөлшердегі қазандықтарға жинап, Жамансор деген жерге тасымалдадық. Терминал бар, білетін боларсыздар. Мұнайды дайындайтын жер. Сол жерге тапсырдық, одан әрі қарай, Павлодар зауытына жіберілді, сондай-ақ, Ақтөбе облысына да жіберілді. 2024 жылдан бастап, кластерлік жүйе деп аталатын, яғни біз өндірген мұнайды өзіміз дайындаймыз. Сол уақытта, "Базис-Ойл" мекемесіне де тапсырдық. Себебі, 2023 жылы мұнай саласында, мұнай сатумен айналысатын мекемелерге талап болды. Яғни, кез-келген зауыттарға айдап жібере алмайсыз. Бір мекемеге тапсырасыз. Олар әрі қарай, мұнайыңызды өткізіп, мұнайдың өнімдерінің ақшасын алады. Осыған орай, біздер тапқан мұнайымызды дайындап, сатып алатын адамдар өздерінің техникаларымен келіп, біздердің өндірісіміздің басына келіп, алып кетіп жатыр. "Базис-Ойл" мекемесіне де, біз арасында тапсырдық. Әр айда, әр түрлі жерлерге тапсырылды. Себебі, коммерциялық департамент болғандықтан, қай жерде қымбат қабылдайды, сол жерге жіберіп отырамыз. Бірде Құлсары қаласындағы "Базис-Ойл" мекемесіне жіберсек, бірде Ақтөбе қаласындағы зауытқа жібердік. Келісімшарттың шарттары бар, сізге жиналыс аяқталғаннан кейін көрсетейін. Келісімшартта бізде	ескерту жойылды

	мекемесіне және басшысына сұрақ қойған болатынбыз. «Сіздерге мұнайды кім тасымалдайды?» - деп сұрағанымызда, «KhamAd Partners мекемесі тасымалдайды»- деп жауап берген болатын. «Сондай-ақ цистерналық көліктерімен мұнай тасымалдайды. Біздер мұнайды қабылдап, өңдеп, әрі қарай экспортқа өткіземіз» – деп жауап берді. Енді осы сұрақты мен сіздердің басшыларыңызға қойғым келеді. Осы рас ақпарат па? Сіздер 2021 жылдан бастап, рұқсат алсаңыздар, жұмыстарыңыздың барлығын барлап қарадыңыздар. Қазіргі таңда, жұмыс жасап жатыр екенсіздер. Осы мұнайды Құлсары қаласындағы "Базис-Ойл" мекемесіне тапсырасыздар ма? Бұл ақпарат рас па? Көліктеріңіз Құлсарына айналып, айналма жолмен өтіп тасымалдап жатыр ма? Қандай зияндылығы бар? Ауылға зияндылығын айтып тұрғаным жоқ. Бірінші кезекте ауданға әкелініп отырғаны жөнінде, рас не жалған екенін сұрайын деп едім. Бұл ауданның тұрғындарын мазалап отырған сұрақ. Мұнай тасымалдау жөніндегі сұраққа жауап берсеңіз. - Сонда сіздерге келгенде, өздерінің автокөліктерімен келіп алып кетеді ме? Сіздерде ешқандай транспорт жоқ. - Келісімшартты көрсек болады ма?	«самовывоз», яғни бізге келеді, тауарлық мұнайды цистернасына құйып, анализ жасап, бірінші сортпен тапсыруымыз қажет. Содан кейін, көліктерінің колбаларына салып, ТКЖ дейді, яғни тауар-көлік жүкқұжаттарын қолдарына береміз. Барлық жауапкершілікті сатып алушы мекеме алады. Қайда тапсырсақта, бізде Құлсары арқылы өтеді. Ақтөбе, Ақтау немесе Құлсарыға тапсырған уақыттың өзінде, Құлсарының жолымен өтеді. - Иә, бізде автокөліктер жоқ. Шарт бойынша, олар өздерінің техникаларымен келіп алып кетеді. Оларда өздерінің техникалары болмаған жағдайда, қызмет атқаратын транспорттық мекемелер бар. Солар арқылы алып кетуі де мүмкін. - Жиналыс аяқталғаннан кейін, көрсеніздер болады.	
2	Құлсары қаласының тұрғыны – Гульмира Идрисқызы: - Жоба бойынша айтатын болсам. Майкөмгенде өткен жобаларыңызды алып кеткен болатынмын. "ecportal.kz" сайтына кіремін. Өздеріңізде білесіздер. 1945 жылы Биікжал құрылымының ауданында сейсмикалық зерттеулер басталды, 1947 жылы сейсмикалық барлау жүргізілді. 1961 жылы ұңғыманы бұрғылау жұмыстар жүргізілді. 1966-1977 жылдары Биікжал құрылымында 3 ұңғыма бұрғыланды. 1971-1992 жылдары подсолевое бурение болды. 2000-2003 жылдары "ФИОК" компаниясы 2Д сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізді, оның нәтижелері бойынша құрылымдық және барлау ұңғымалары салынып, бұрғыланды. 2002 жылдың ақпанынан 2004 жылдың қыркүйегіне дейін 12 ұңғыма бұрғыланды, оның ішінде 7 барлау ұңғымасы және 5 құрылымдық ұңғымасы болған. 2004 жылы "Қазақ ғылыми-зерттеу геологиялық барлау институты" ЖШС ("КазНИГРИ" ЖШС) компаниясы, 2004 жылы "Адай Петролеум Компания" ЖШС мекемесі болған. 2004 жылдың қыркүйегінен 2005 жылдың маусымына дейін 6 ұңғыма бұрғыланды. 2005 жылы "Каспиан Энерджи Ресерч" ЖШС 21 ұңғыманы бұрғылау нәтижелері бойынша "қорларды жедел есептеу" есебі	«KhamAd Partners» ЖШС-нің өкілі - Абеннов Р.М: - Бұрғылау жұмыстарының жоспары 1100 метр. Алайда, мұнай өндіру қабаттарында 700-900 метр тереңдікте мұнай кездесіп, қазір сол тереңдіктен алып отырмыз. 1100 метрге барғанымызда тұз қабатына тіреледі, әрі қарай қазу жұмыстарын жүргізуге біздің құқығымыз жоқ. - Иә, юра және триаск горизонттары.	ескерту жойылды

	орындалды. Енді, қарап отырсаңыздар, 2008 жылы тоқтады. 2022 жылы Биікжал кен орны консервацияда болған. 19.05.2022ж экологиялық келісім алған екен. Қоғамдық тыңдалым Құлсары қаласында өткен. Экологиялық сұрақтарым: сіздердің ингредиенттеріңіздің атауы, тереңдіктері қанша? Қанша тереңдікте бұрғылап жатсыздар? - 700-900 метр?		
3	Құлсары қаласының тұрғыны – Гульмира Идрисқызы: - Жобалаушыға сұрағымды айтайын. Ингредиенттер қай уақытта, қалай шығарылады? Ингредиенттердің көздерін тауып, неге көрсетпейсіздер? - Программа бойынша аласыздар ма? - Барлығында бірдей. - Зиянды заттардың шығарындыларын есептеу, жұмыс бағдарламасында 2027 жылға дейін деп көрсетіп отырсыздар. Алайда, 2028ж, 2029 жылдарды көрсетіпсіздер. Мен сіздердің жобаларыңызды түсінбей отырмын. 2031 жылға дейін бе? - Сіздер әр жылдың жобасы бойынша қоғамдық тыңдалым өткізбейсіздер ме? - Ұңғымаларды қайтадан ашып, іске қосып жатсыздар, солай ма?	"Каспиан Энерджи Ресерч" ЖШС-нің өкілі – Кисманова А. - Презентацияда көрсетілген. 19 ластаушы ингредиент көздері шығады. Ол методика арқылы есептелген. Дизель-генератор, жылы пеші, 20-30 шақты қондырғыларды орнату методика арқылы есептеп, жалпы жиынтық кестесі шығады. Ластаушы заттардың тізімі кестесінде барлық ингредиенттердің атауы, көлемі барлығы көрсетіледі. Бұл есептеулер ойдан алынбаған, арнайы методикасы ЭРА программасы бар. ЭРА программасы - ҚР рұқсат етілген, атмосфераның ластануын есептеу бағдарламасы болып табылады. Сол арқылы біз санаймыз. Программа бойынша ластаушы заттардың шығарындыларының тізімі шығады. - Иә, есептеулердің барлығы Эра программасы арқылы, арнайы методикасымен есептілініп шығарылады. Ол – үлкен жұмыс. Жобалаушылардың басты жұмысы осы есептеулерді жүргізу. - Себебі, бұл арнайы методика жобалаушыларға арналған. Осы методика арқылы есептеулерімізді жасаймыз. Ластаушы заттар көздері, яғни ингредиенттеріміз бірдей болады. - 2026 жылы – 1 ұңғыма, 2027 жылы – 2 ұңғыма, 2028 жылы – 2 ұңғыма және тағы басқа, барлығы жобада көрсетілген, есептелінген. - Жоқ, осы игеру жобасынан кейін, сараптамадан өткеннен кейін, ұңғымаларды салу үшін техникалық жоба жасалынатын болады. Нақты есептер сол техникалық жобаға жасалынған қоршаған ортаны қорғау жобасында көрсетілетін болады. «KhamAd Partners» ЖШС-нің өкілі - Абенов Р.М: - Гульмира ханым, №12, №13 бұрын пайдаланылған ұңғымаларды болашақта қайта іске қосамыз. 2032 жылға дейін 10 мұнай өндіретін ұңғыма бұрғыланады, 2 су айдайтын ұңғыма бұрғыланады. Жалпы 12 ұңғыма. Осы кен орнын игеру жобасынан	ескерту жойылды

		кейін, қайтадан жобамен келеміз. Ұңғымаларды бұрғылау құрылысына жоба жасалынады. Сол уақытта қайтадан келеміз.	
4	Құлсары қаласының тұрғыны – Гульмира Идрисқызы: - Кестеде зиянды заттардың шығарындыларын есептегенде 2027 жылы №28, №31 ұңғымаларды бұрғылау кезінде – 633 тонна зиянды заттар бөлінеді. 2028 жылы №33, №29, яғни 2 ұңғымаға тағы да осындай тонна шығарып отырсыздар. 2029 жылы 2 ұңғыма – 633 тонна көрсетілген. 6 ұңғыманы көрсетіп тұрсыздар. Неге онда 12 ұңғыманы көрсетпедіңіздер? - Екі-екі ұңғымадан қосылып тұр ма сонда? - Бұрыннан қазылып келе жатырған ұңғымалар, әрі қарай қазыла береді, солай ма? - Сіздер расконсервация жасағаннан кейін қайтадан жауып тастайсыздар ма?	"Каспиан Энерджи Ресерч" ЖШС-нің өкілі – Кисманова А. - 2026 жылы №30 ұңғыма, яғни 1 ұңғыма. 2027 жылы №28, №31 – 2 ұңғыма, 2028 жылы №33, №29 -2 ұңғыма, 2029 жылы 2 ұңғыма... барлығы диаграммада көрсетілген. - Бұл диаграммада көрсетіліп тұрған бұрғылау жұмыстары болатын ұңғымалар. Келесі диаграммадағы 2 ұңғыма қайта іске қосылатын ұңғымалар. «KhamAd Partners» ЖШС-нің өкілі - Абенов Р.М: - Жоқ, қазылмайды. Ол қайта іске қосу. - Ол екі ұңғыманы кезінде ликвидация жасап кеткен. Ликвидация кезінде үстінен цементный мост құяды да, жауып тастайды. Оны кері расконсервация жасаған уақытта, сағалық жабдықтарды кері жасаймыз.	ескерту жойылды
5	Құлсары қаласының тұрғыны – Гульмира Идрисқызы: - Бұл сұрақ неге қойылатынын айтайын сізге. 2 ұңғымадан 633 тонна зиянды заттардың шығарындылары шығады екен. Соны қалай есептеп тұрсыздар? Неге тоннасы көп есептеліп тұр? - Негізі солай дұрыс деп ойлаймын. Бұрғылау кезінде, құрылыс жобалау кезінде қандай көлемде шығатыны көрсетілу қажет.	"Каспиан Энерджи Ресерч" ЖШС-нің өкілі – Кисманова А. - Кен орнын игеру жобасы атмосфераға ластаушы заттардың максималды болжамды шығарылуын ұсынады. Осы жобадан кейін, ұңғымаларды салу жобасы кезінде, нақты есептеулер болады. ол есептеулерде шығарындылар төмен болуы мүмкін. Ұңғымаларды салуға арналған техникалық жобада барлығы нақты көрсетіледі. Бұрғылау жұмыстарына қанша күн, сынақтан өткізуге қанша күн, құрылыс жұмыстарына қанша күн кететіндігі жөніндегі мәліметтер нақты болады. Есептеулерде нақты көрсетіледі. - Жұмыстың барлығы кезеңдермен орындалады. Эмиссияға рұқсат алынады. Сол кезде нақты есептеулер болады. Ол осы 316 тоннадан төмен болуы мүмкін. Ол есептеулердің барлығын методика арқылы есептеледі. Методика болмаса, біз өзіміз ойдан құрастырып есептей алмаймыз. Барлығы заңға сәйкес есептелінеді.	ескерту жойылды
6	Құлсары қаласының тұрғыны – Гульмира Идрисқызы: - Табиғи су ресурстарына тоқталатын болсақ. Жем өзені жақын Ақкизтоғай елді мекеніне. Ақкизтоғай ауылына 8 км шақырым деп ойлаймын. Кен орнына Ембі өзеніне дейінгі	«KhamAd Partners» ЖШС-нің өкілі - Абенов Р.М: - Техникалық суды арнайы лицензиясы бар мекемелерді Құлсарыдан аламыз. Сағыз өзені мен Ембі өзеніндегі сулар дайындалмаған, тазартылмаған сулар. Өзендерден ала алмаймыз. Қазір	ескерту жойылды

	қашықтық 36 км шақырым. Сіздер техникалық суды қайдан аласыздар? Кейбір жобаларда жазылып кетеді. Егер қажет болған жағдайда, Жем өзені жақын деп белгілеп кетеді жобада. Сіздер енді белгілемесіздер. Алайда, техникалық суды қайдан тасымалдап отырсыздар? - Шаң басу жұмыстарына негізі пайдаға асады негізінен. Егерде алатын мекеме болса, алайда ешқандай рұқсатсыз олай ала алмайсыздар.	келісімшарт бойынша Құлсары қаласынан аламыз. - Ала алмаймыз. Қазіргі таңда, санитарлық эпидемиологиялық станция бар. Кез-келген суды алып, пайдалануға рұқсат бермейді. Болашақта Құлсары қаласынан су тасымалдау жоспарлануда.	
7	Құлсары қаласының тұрғыны – Гульмира Идрисқызы: - Сіздің жобаңыз бойынша 2024 жылдың басында жұмыс жасадым дейсіз. 2021 жылы бұл мекемені алдыңыз. 2022 жылы разведка болды. Осы кен орнын пайдалану уақытында әлеуметтік көмек берген жұмыстарыңыз бар ма? - Бұл сұрақты қойып отырған себебім: біздерде қоғамдық тыңдалым болып жатыр. 2024 жылы біздің осы ауыл тұрғындарының көздері ашылды деп ойлаймын. Бізде кен орындарымыз бар жан-жағымызда, алайда, олар меморандумға дейін барып, қол қойылды. Біздің әкіміміз бар, депутаттарымызда бар, осы талаптарды орындаймыз дейді де, жоқ болып кеткендер де бар. Ол мекеме қазіргі таңда аты өзгеріп, директоры да өзгерді. Алайда мұнайды қабылдап, қазір жұмыс жасап жатыр. Іздедік, барып көрдік. Бірақ ол мекемеден ешқандай іс-шаралар жоқ. Оның себебі, халық қарсы болса да өткізілді. Жұмыс болсын, халқымызға кішкене көмек болсын деп айтып отырмын. Кішкентай ауыл болғанымен, даму жағынан соңынан қалып қойған ауыл. Ауданға алыс жерде орналасқан. Бұл ауыл мұқтаж емеспіз деп айтады. Енді халықтың көзі ашылып, көмек сұрап келе жатырмыз. Сондықтан айтатыным, әлеуметтік көмек беруге осы ауылдан бастаңыздар. Кішкене болса да, кен орны ашылғаннан кейін, осы жердің байлығын жергілікті мекендегі адамдар көру керек деп ойлаймын. Себебі, жергілікті азаматтарымыздың барлығы жұмыссыз. Жас балдар қысқартуға ұшырап жатыр. Бір кісі 4-5 балам бар дейді, алайда жолдасында жұмысы жоқ. Сол әйел кісі 100 мың теңгемен тазалықшы болып жұмыс жасап, қалай жеткіземін дейді. Жолдасы жұмыссыз үйде отыр. Бұл кен орны осы ауылдың азаматтарын жұмысқа алса деймін. Бірінші кезекте әрине экология маңызды. Алайда, азық болмай, адам да болмайды. - Сол себепті келемін мен осында. Қайта-қайта келіп, не істейді екен деп ойлап қалмаңыздар. Мен өзім үшін келмеймін. Әкім болса, әкімге айтайын деп келіп едім. Сіздерге қарағанда, мені қатты	«KhamAd Partners» ЖШС-нің өкілі - Абеннов Р.М: - Гульмира ханым, біз енді бастағалы отырмыз. Біздің осы жобамыз аяқталғаннан кейін, өнеркәсіптік кезеңге өтетін болсақ, келісімшарт бойынша, бізге талаптар қойылады. Жергілікті елді мекенге экономикалық-әлеуметтік көмек жасауға немесе Қазақстан азаматтарын оқытуға, өндіріске қажет заттарды жергілікті өнімдерден сатып алуға талаптар қойылады. Осы жоба аяқталып, оң қорытынды алғаннан кейін, біздер әлеуметтік жұмыстармен айналысамыз. Себебі, келісімшарт бойынша міндеттелген жұмыстарды орындамаған жағдайда, жұмыс программасы деген бар, яғни жыл сайын жұмыс программасы бойынша бізді тексеріп отырады. Орындалмаған жағдайда, айыппұл салынады. Оны өзіміз үшін орындап отырамыз. - Гульмира ханым, жақсы, түсінікті. Ауылдың жанашыры ретінде айтылған талаптарыңызда өте орынды. - Рахмет. Түсінікті.	қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ

	алаңдатады. Жас жігіттер қолданыңдар. Басқа сұрақ болса айта беріңіздер.		
8	Ақкизтоғай ауылының тұрғыны – Сандыбаева Дина: - Ауыл тұрғындарында көп жерлерде жұмыста қысқартулар болып жатыр. Сіздердің жұмыстарыңыз басталған жағдайда, жергілікті ауыл тұрғындарын, ер-жігіттерін жұмысқа алсаңыздар дейміз. Жұмыстарыңыз басталған уақытта, ауылдың тұрғындарынан кем дегенде 3 адамды жұмысқа алсаңыздар дейміз. Себебі өздеріңіз естіп отырсыздар, көптеген мекемелерде қысқартулар жүріп жатыр, ауыл жастары жұмыссыз. Ауылда мектеп, балабақша мекемелері ғана бар, ол жерлерде санаулы адамдар ғана жұмыс жасайды. Сіздерге барлық тұрғындарды жұмысқа алыңыздар деп айта алмаймын, тек жағдайы төмен отбасылардың адамдарын 3-4 адамды жұмыспен қамтысаңыздар. - Жалпы, осындай қоғамдық кездесулерде, бірінші кезекте мен халқымды ойлаймын. Халқыма көмек сұраймын. Арнайы жерлерді көгалдандырыңыздар немесе суарыңыздар деп айтпаймын. Себебі, ол әкімшіліктің атқаратын жұмысы. Мен тек халықтың жағдайын ойлаймын. Аз қамтылған, аз ғана халық тұратын ауыл. Қолдарыңыздан келсе, халыққа көмек беріңіздер.	«KhamAd Partners» ЖШС-нің өкілі - Абенов Р.М: - Қазіргі таңда, өндірісіміз тұр. Біз өндірісімізді қосып, мұнай өндіріп, кішкене пайда шыққаннан кейін, Орналастыру жобасы (проект обустройства) деген болады. Сол уақытта бізде қосымша жұмыс орындары ашылады. Бірінші кезекте, Ақкизтоғай ауылының жергілікті адамдарын жұмысқа алатын боламыз. Себебі, біз әлі де бірнеше жобамен келеміз. Сіздерге жалған уәде беріп, кетіп қалатын адамдар емеспіз. Осы өндірісті көтергеннен кейін, қолдан келгенімізше, жұмысқа алатын боламыз. Мекеменің мүмкіндігіне қарай болады барлығы. - Жоғарыда айтқан болатынмын. Бірінші кезекте өндірісіміз ашылсын. Кейін жергілікті тұрғындардан жұмысшылар қарастыратын боламыз.	қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ
9	Ақкизтоғай ауылының тұрғыны – Нысанов Сәтжан: - Мен осы ауылдың тұрғынымын. Сіздердің жарнамаларыңыз бүгін таңертең ғана шықты. Сіздер неше күн бұрын бердіңіздер? 15 қаңтар деп тұр. Неше күн бұрын айттыңыздар әкімшілікке? - Мен көргенім жоқ. Ауылдың әкімшілігіне қай уақытта бердіңіздер? - Мүмкін мен көрмей қалған шығармын. - Жақсы, түсінікті. Біздің ауылдың адамдарының аз келуі осығанда байланысты болуы мүмкін. Мүмкін, сіздерден кінә жоқ шығар. Мүмкін хабарламалар дұрыс жеткізбеген болар. - Жоқ, сіздерде кінә жоқ. Өзімізден қате кетті.	"Каспиан Энерджи Ресерч" ЖШС-нің өкілі – Кисманова А. - Талаптарға сәйкес Атырау газеті және Прикаспийская Коммуна облыстық газетіне 12 желтоқсан күні, яғни 1 ай бұрын жарнама берілді. Кен Жылыой, осы аудан газетіне кішкене жақын уақытта, яғни 9 қаңтарда бердік. Бірінші облыстық газетіне, кейін аудандық газетке берілді. Осы жарнамасы бар газеттердің барлығы экопорталға салынды. - 30 күн бұрын әкімшілікке жіберілді. - Мүмкін сіз байқамаған боларсыз. Сондай-ақ, телерадио жарнамасы бар. 12.12.2024ж. «АТЫРАҰ» телеарнасы эфиріне шыққан. «KhamAd Partners» ЖШС-нің өкілі - Абенов Р.М: - Ақпарат тақтасы бар. Жарнама сол тақтада ілініп тұрды. "Каспиан Энерджи Ресерч" ЖШС-нің өкілі – Кисманова А.	қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ

		- Ақпарат тақтасысына жарнаманы іліп, суретке түсіріп, біз esportal.kz сайтына енгіздік. Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес газетке, стендке, телеарна эфиріне жарнама 30 күн берілді. - 3 газетке жарнама берілді, телеарнаға берілді. «KhamAd Partners» ЖШС-нің өкілі - Абенов Р.М: - Әкімшілікке келіп, біздің жанымыздағы жеке қожалықтағы кісілердің телефон нөмерлерін алып, арнайы телефон соқтырдым. Негізі сіздерге қарағанда, айналамыздағы ауыл шаруашылық адамдары білмей қалдық, естімей қалдық деп айтпас үшін, арнайылап телефон соқтырдым. Қараша айында өте алмай қалдық. Бүкіл өндірісіміз тоқтап қалғаннан кейін, жарнама ашық түрде дұрыс жария етейік деп барып, қолымыздан келгеннің барлығын жасадық.	
10	Ақкизтоғай ауылының тұрғыны – Нысанов Сәтжан: - Жаксы, барлығымыз көріп, түсініп отырмыз. Тағы бір сұрағым бар. Қазақша жалпақ тілмен айтасызба, қандай зиянды заттар шығады? Мұнайдың қалдықтары қандай? Оны қайда апарайды? Қандай көлікпен тасымалданады? Қой бағып жүріп, көріп қалған болатынмын. Ашық көлікпен тасымалдап жатыр. Әкімшілік деп жазылып тұр, алайда «Жылыой тазалық» мекемесінің көлігі секілді. Осындай ашық көліктермен тасымалданады ма, әлде белігілі бір мекемелеріңіз бар ма тасымалдайтын? Үсті жабық болады ма, әлде ашық болады ма? Біздерде мал жайылады. Сіздер Құлсарының үстімен өтесіздер. Осы ауылдың мал жайылымдары түгелімен сол жерлерде. Түрлі аурулар шығып жатыр. Кішкентай сәби бар, сүйегі сынып кете беретін. Қатерлі ісік аурулары бар. Осының барлығы зиянды шығарындылардың салдарынан болып жатыр деп ойлаймын. Біршама адам ауырып жатыр. Сіздер қалдықтарды қайда тасып жатсыздар? Жылына неше тонна? Соның барлығын білгім келеді. - Мұнай шыққан жерден ештеңе төгілмейді ме? - Мұнай төгілген жағдайда, оны қалай тазалап, қайда апарып жатсыздар деген сұрақ. - Сіздерде ешқандай шлам сақтау орындары салынбайды ма? - Халықтың атынан сұрап отырмын. Ауылдың науқастанып жатқан	«KhamAd Partners» ЖШС-нің өкілі - Абенов Р.М: - Біздің өндірісімізде қалдық көп шықпайды. Қатты және сұйық қалдықтарды арнайы лицензиясы бар, Құлсары қаласының мекемелері келіп, жабық көліктермен келіп алып кетеді. Бұрғылау шламы, мұнай шламы деген секілді қалдықтар жоқ. Ол үшін біз әлі лицензия алған жоқпыз. Осы жоба аяқталып, өндіріс қосылғаннан кейін, экологиялық эмиссияға рұқсат алу үшін, қайтадан тендер өткізіп, осындай бағдарламамен келеміз. Қазіргі таңда, зиянды заттар шығып жатқан жоқ. - Бізде жабық жүйе. «KhamAd Partners» ЖШС-нің эколог маманы Шанкиев Есет Аманкосович: - Біз «Эко Пром KZ» ЖШС Компаниямен келісімшартта отырмыз. Бізде қазір пайдаланылған май, майланған шүберек секілді қалдықтар. Сіз айтқан үлкен қалдықтар, мысалы: бұрғылау шламы, бұрғылау ерітінді секілді қалдықтар бізде қазір жоқ. Себебі, қазіргі таңда, ешқандай бұрғылау жұмыстары жүріп жатқан жоқ. Болашақта болған жағдайда, жоба бойынша 2026 жылы бұрғылау жұмыстары жоспарланып отыр. Сол уақытта да біз мекемелерді жалдаймыз. Бұрғылау ерітіндісін міндетті түрде вакуумда алып кетеді. Вакуумды көлікпен алып кетеді. Бұрғылау	қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ

	тұрғындарына сіздердің қатыстарыңыз жоқ деп есептеймін, ия? Себебі, кішкене балаларға дейін қатерлі ісікке шалдығып жатыр. Жақсы, ешқандай қатыстарыңыз жоқ деп есептейміз.	шламдарын үлкен КАМАЗ көліктерімен тасымалдайды. Бірақ, оның үсті жабық болады. - Жоқ. Біз тек мекемелерді жалдап, көліктерге тиіп, қалдықтарды алдыртамыз. Қазатын мекеме өздері түгел қарайтын болады. «KhamAd Partners» ЖШС-нің өкілі - Абенов Р.М: - Болмауы қажет. Кен орнымыз 38 км шақырым жерде орналасқан.	
11	Аккизтоғай ауылының тұрғыны – Жетпісбайұлы Саламат: - Зиянды қалдықтар жөнінде. Ендігі мәселе: сіздер бұрғылау мекемелер келген кезде, олар өздері тазалап алып кетеді дейсіздер, иә? Ұңғыма жұмыс жасаған кезде, насосты көтеріп түсіру мезгілінде көліктері сіздерде болады, ия? Ол сіздерге тиесілі көліктер ме? Сол кісілермен жұмыс жасап жатқан уақытта, сол көліктермен ілеспе газдармен бірге астынан шығарындылар болуы мүмкін. Сол кезде май төгіледі. Сіздер сол кезде қалдықтарды қайда шығарасыздар? Сондай-ақ, алдағы болатын жұмыс барысымен тағы да таныстырып өтсеңіздер. Екінші мәселе: сіздерде күніне қанша өнім, айына қанша өнім және ол қалай шығарылады? Алдыңғы уақытта осы технологиямен қамтамасыз етесіздер ме? Ауыл тұрғындарынан жұмысқа алу қалай болады? Кепілдік бересіздер ме? Осы күнге дейін Майкөмген ауылында тыңдалымдарыңыз өтіп келді. Сіздердің мекемелеріңіздің атынан Майкөмген ауылына көмек берілді ме? Қандай көмек берілді? Біздің ауылымызға қандай көмектеріңіз бар? Сіздердің жұмыс орындарыңыздың айналасында мал шаруашылығы бар. Сол мал шаруашылығына сіздер қандай да бір көмек беруге дайынсыздар ма? Жеке қожалықтарға қандай да бір көмек қажет болған жағдайда, сіздер жәрдем беруге дайынсыздар ма? Тағы бір мәселе: сіздерде радиация дейтін бар ма? Қандай көлемде? Үй жануарларына қалай әсер етеді? Зияндылық бермейтін кепілдік беретін құжаттарыңыз бар ма? Рахмет. Жұмыстарыңызға береке берсін.	«KhamAd Partners» ЖШС-нің өкілі - Абенов Р.М: - Бірінші сұрағыңыз жерасты жөндеу кезінде ештеңе шықпайды деп айта алмаймын. Себебі: әрбір ұңғымада өздерінің шахталары жасақталған. Жерасты жөндеу кезінде задавка жасалынады. Көтерген кезде сифонмен аздап су ағатындар болады. Олар шахтаға құйылады да, бізде өзіміздің жерасты бригада жоқ. Біз жалдап отырмыз. Сол мекеме өздері агрегатымен сорып әкетіп, біздің дренаждарымызға құяды. Газ жөнінде айтатын болсақ, газ факторы бізде өте төмен. Ұңғымалардың динамикалық деңгейлері өте төмен. Ең төменгі айналыммен жұмыс жасап тұр. Бізде бір ұңғыма 1 куб қана сұйықтық беріп тұр. Газы өте аз. Мысалы, винтовой насоспен жасайтындар олар басқа горизонт. Келесі сұрақ бойынша, осы аймақтан жұмысқа алу. Дина ханым сұраған болатын. Қолдан келсе, Аккизтоғай ауылының адамдарынан жұмысқа аламыз. Штат ашылған жағдайда, бірінші кезекте жақын елді мекен қарастырылады. Келесі сұрағыңыз бойынша: Майкөмгенге қандай көмек. 2021 жылдан бері осы жобаларымызды сол елді мекенде қорғап келе жатырмыз. Осы уақытқа дейін жобалардың барлығы Майкөмгенде қорғалды. 2021 жылы экологиялық кодекстің өзгеруіне байланысты, ең жақын елді мекенде өткізу туралы талап қойылды. Майкөмгенде қоғамдық тыңдау өткенде, басқа кісілер келіп өзгертулерді ұсынды. Соған байланысты өзгертулер енгізу керек болды. Майкөмгенде бізге қандай талаптар қойылды десеңіздер, олар музыкалық аспап ала алмай жүр екен. 1 млн 300 мың көлемінде қаражат бөлініп, жақын арада ғана музыкалық аспап алып берілді. Науқас балдарға көмек беруді жоспарлап жүргенімізде, Майкөмгеннен Аккизтоғайға келіп отырмыз. Өткен жолы Гульмира ханым, сіздер барғанда өздеріңіз	қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ

		көрдiңiздер. Неге Майкөмгенде өтпейдi деп шулап жатыр. Талап бойынша осында өткiзу керек екен. Осында келiп отырмыз. Алдағы уақытта, қолымыздан келетiн көмектердi жасаймыз. Айдалада тұратын жеке қожалықтың адамдары осында қатысып отырған болар. Себебi телефон соғып шақыртқан болатынбыз. Айналамыз қоршалмаған. Қай уақытта келiп, көмек сұрайтын болса, қолымыздан келгенше көмек беремiз.	
12	Ақкизтоғай ауылының тұрғыны – Нысанов Сәтжан: - Ет-сүт өнiмдерiн аласыздар ма? Келiсiмшартқа отыруға болмайды ма?	«KhamAd Partners» ЖШС-нiң өкiлi - Абенов Р.М: - Егерде санитарлық талаптарға сәйкес келетiн болса, келiсiмшартқа отырып өнiмiн алайық. Өнiм дегенде, бiз тек ет қана аламыз. Сүт өнiмдерiнен тек сертификаты бар өнiмдердi ала аламыз. Ал қолдан алу ол қауiптi.	қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ
13	Ақкизтоғай ауылының тұрғыны – Жетпiсбайұлы Саламат: - Айдаладағы адамдар кез-келген уақытта, сiздерден көмек сұраған жағдайда, көмек беруге дайынсыздар ма?	«KhamAd Partners» ЖШС-нiң өкiлi - Абенов Р.М: - Иә, әрине. Қолымыздан келетiн көмек болса, әрине жәрдем беремiз.	қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ
14	Ақкизтоғай ауылының тұрғыны – Жетпiсбайұлы Саламат: - Радиация жөнiнде не айтасыздар?	«KhamAd Partners» ЖШС-нiң эколог маманы - Шанкиев Есет Аманкосович: - Радиация жөнiнде айтатын болсам, радиациялық мониторинг жылына 1 рет жүрiп отырады. Қалдықтардан түсiрiледi, ұңғыма басынан түсiрiледi. Олардың есебi жылына 1 рет берiледi. Есептi СЭС-ке тапсырамыз. Қазiргi таңда, құжаттар қолымызда жоқ. Қажет десеңiздер келесi жиналыста әкелiп бере аламыз.	қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ
15	Ақкизтоғай ауылының тұрғыны, «Жансұлтан» шаруа қожалығы – Базарбаев Жансултан: - Сiздерден 7 км жерде тұрмыз. Ең жақыны мен. 2021 жылдан берi көрiп келе жатырмын. Жағдай жасап жатқаны, барлығы бар. Экологиялық зиян тиетiн болса, бiздiң мал шаруашылығымыз бiрiншi зардабын шегедi. Сол жақын маңда жайылып жатыр. Экологиялық зиян болатын болса, бiздерге бiрiншi әсер етедi. Мал шаруашылығы ешқандай ауру белгiлерi анықталмады. - Менiң сұрайтыным: сiздерге де, мағанда жақын фонтан бар. №78 ұңғыма. Сол азайып бара жатыр. Ауыл шаруашылығы жануарларына сумен қамтамасыз ету мақсатында сол ұңғыманы бiздерге ашып беруге жағдайларыңыз келедi ме? - Байланыс желiсiн қоюға болады ма? Веeline секiлдi байланыс. - Иә, бiлемiн. 2021 жылдан берi мен қасында келе жатырмын. Барлығын көрiп жүрмiн. Жақсылықтарын көрiп келе	«KhamAd Partners» ЖШС-нiң өкiлi - Абенов Р.М: - Қазiргi таңда, экологиялық талаптар күшейтiлдi. - Ол бiздiң қолымыздан келмей қалуы мүмкiн. Себебi, ол кезiнде ликвидацияға кеткен ұңғыма. Оларды қозғау үшiн арнайы үкiметтен рұқсат керек. Су ұңғымаларымен айналысатын арнайы "АТЫРАУГИДРОГЕОЛОГИЯ" ЖШС мекемесi айналысады. Бiздерде оған арнайы рұқсат жоқ. Үкiметтiң қарауында болғандықтан, бiзге қозғауға болмайды. - Осы мәселенi бiз 3 жылдан берi шешiмiн таба алмай келе жатырмыз. Бiрнеше мекемеге ұсыныс жасадым. Бiзде адам саны жеткiлiксiз. Адам саны сәйкес келмей тұр. Басқа қожалықтардың радиусы бойынша сәйкес келмейдi. Сондықтан бiрнеше рет бiзде өтiнiш тастадық, өзiмiзге де байланысу өте қиын. Қазiр жатақхананың iшiнде ғана сөйлесе алады, ал сыртында рациямен байланыстамыз.	қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ

	жатырмын. Жамандық көрдім деп айта алмаймын. Кұлсары қаласының тұрғыны – Гульмира Идрисқызы: - Қандай жақсылық жасады? Қандай көмек берді айта кетсеңіз	Ақкизтоғай ауылының тұрғыны, «Жансұлтан» шаруа қожалығы – Базарбаев Жансұлтан: - Сұрағанымның барлығын беріп тұрды. Көлік сұрағанымызда берді. 2021 жылы басында фонтаннан су алып, мекеме тексерді. Қайсысы тұщы, қайсысы ащы соның барлығын қарады. Кейіннен бұл суды қолдануға болмайды деп айтты.	
16	Zoot онлайн конференциялық байланыс арқылы түскен ескерту: "ҚР Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Атырау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Жылыой аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы"РММ - Бакыт Мурзагалиевна: Санитарлық-эпидемиологиялық және нысанға қорытынды алу қажет	Zoot онлайн конференциялық байланыс арқылы түскен ескертуге жауап: "Каспиан Энерджи Ресерч" ЖШС-нің өкілі – Калманова Г.Т: Компанияның назарына алынды. Ескертулер ескерілетін болады.	Ескерту алынды
17	Ақкизтоғай ауылдық округінің әкімі аппаратының бас маманы: Сұлтанбек Б.С: - Басқа ұсыныс пікірлеріңіз болмаса, қоғамдық тыңдауды өтті деп есептейміз.	«KhamAd Partners» ЖШС-нің өкілі - Абенов Р.М: - Жақсы. Рахмет.	қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар ұсыныстар түскен жоқ.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабына сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Сұлтанбек Бауырхан Сұлтанбекұлы 17.01.2025ж.

Ақкизтоғай ауылдық округінің әкімі

(өкілі болып табылатын ұйымның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, атауы, қолы, күні)

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы:

Сейтбеке Ботағоз Серікқыз 17.01.2025ж.

Каспиан Энерджи Ресерч геолог

(өкілі болып табылатын ұйымның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, атауы, қолы, күні)

Ұсыныстар мен ескертулердің жиынтық кестесі
"Биікжал кен орнын игеру жобасына" ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы
18.12.2024 ж. KZ78RVX01244965

Жиынтық кестені жасау күні: 06.01.2025ж.

Жиынтық кестені жасау орны: Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша экология департаменті.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы: Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша экология департаменті.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинау туралы хабарламаның күні: 06.01.2025ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын беру мерзімі: 18.12.2024 ж.-06.01.2025 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстары:

№	Мүдделі мемлекеттік орган	Ескертулер мен ұсыныстар	Ескерту мен ұсынысқа жауап
1	Атырау облысы бойынша экология департаменті	1. «Экологиялық бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 30 шілдедегі № 280 бұйрығына сәйкес шегінде көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру болжанатын ықтимал әсерлер туралы есепті әзірлеу сәтіндегі аумақтағы қоршаған орта компоненттерінің ағымдағы жай-күйі бойынша өзекті деректерді, сондай-ақ фондық зерттеулердің нәтижелерін ұсыну». 2. 2022-2023 жылдар кезеңіне фондық анықтаманы, сондай-ақ метеорологиялық сипаттаманы (Қазгидромет РМК анықтамасы) тапсырыңыз 3. Елді мекенге қатысты жел бағытын көрсетіңіз. 4. ҚОӘБ есебінде ЖЖМ топыраққа төгілген кезде аумақтың топырақ жамылғысының тозуының ең жоғары дәрежесі көрсетілген. ҚР ЭК 397-бабына сәйкес Жанар Жағар Май және басқа заттардың ағып кетуіне тыйым салынады, соның салдарынан топырақ пен жер асты сулары ластанады, бұл ластанудың алдын алу үшін окшаулау жұмыстарын жүргізу қажет, осыған байланысты ластанған Топырақтардың пайда болуына тыйым салынады. Осыған байланысты арнайы техниканы жанармай құюдың балама нұсқасын қарастырыңыз.	Кәсіпорынның назарына алынды. 1) Қоршаған орта жағдайын сипаттау бөлімдеріндегі деректер әртүрлі көздерден пайдаланылады: статистикалық деректер; "Қазгидромет" РМК деректері; басқа жалпыға қол жетімді деректер. Ақпараттық бюллетень 2024 жылдың 1 жарты жылдығында Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісінде қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу тәртібі бойынша "Қазгидромет" РМК мамандандырылған бөлімшелері орындаған жұмыстардың нәтижелері бойынша дайындалды. Және де сипаттамалар бойынша деректер «KhamAdpartners» ЖШС-нің Биікжал кен орнында 2024 жылдың 4-тоқсанындағы өндірістік экологиялық бақылау есебіне сәйкес ұсынылған, атмосфералық ауаның жай-күйіне мониторингті «ЭкоНорматив» ЖШС мамандары жүргізді. 2. 2023 жылғы соңғы анықтамалық ақпарат ҚОӘБ жобасына 4-қосымшада ұсынылған. 3. Жел бағыты елді мекенге қатысты көрсетілді. 4. ҚР ЭК 397-бабының талаптары, оған сәйкес топырақ пен жер асты суларының кейіннен ластануымен ЖЖМ және басқа заттардың ағып кетуіне тыйым салынады, осы ластануды

